«Теңіз көлігінің кеме жүргізушісі»
және «Теңіз көлігінің механигі»
кәсіптік стандарттарын бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің 2026 жылғы 27
тамыздағы № 224 бұйрығы

Кәсіптік стандарт: « «Механик (теңіз көлігі)»»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Механик (теңіз көлігі)» кәсіптік стандарты Қазақстан Республикасының «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңының 5-бабына сәйкес әзірленген және білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға қойылатын талаптарды, соның ішінде кәсіпорындардағы персоналды оқыту, қызметкерлер мен білім беру ұйымдары түлектерінің кәсіби біліктілігін тану, сондай-ақ ұйымдар мен кәсіпорындарда кадрларды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуді айқындайды.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті

3) –

4) –

5) –

6) –

7) –

8) –

9) –

10) –

11) –

12) –

13) –

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) АРПЖ – автоматтандырылған радиолокациялық прокладка жүйесі

2) АҒТБЖ – апат кезінде ғаламдық теңіз байланысы жүйесі

3) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

4) БА – біліктілік анықтамалығы

5) ИМО – Халықаралық теңіз ұйымы

6) КҚБЖ – кемелер қозғалысын басқару жүйесі

7) КЭҚ – кемедегі энергия қондырғысы

8) ҚР – Қазақстан Республикасы

9) НҚҚ – навигациялық қамтамасыз ету құралдары

10) СБШ – салалық біліктілік шеңбері

11) ТДДВА – 78/95 түзетулерімен –1978 жылғы Теңізшілерді даярлау мен диплом беру, және вахта жұмысын атқару туралы халықаралық конвенция (2010 жылғы Манила түзетулерімен)

12) ЭКНАЖ – электрондық картографиялық навигациялық ақпараттық жүйесі

13) SOLAS – теңіздегі тіршілік қауіпсіздігі туралы халықаралық конвенция

14) MARPOL – 1973 жылғы Кемелердің ластануына жөніндегі бермеу жөн халықаралық конвенция, оған 1978 жылғы Хаттамамен енгізілген өзгерістерімен

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: «Механик (теңіз көлігі)»

5. Кәсіптік стандарттың коды: H50200144

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

H Көлік және қоймалау

50 Су көлігінің қызметі

50.2 Теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызметі

50.20 Теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызметі

50.20.0 Теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызметі

H Көлік және қоймалау

50 Су көлігінің қызметі

50.2 Теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызметі

50.20 Теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызметі

50.20.0 Теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызметі

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кемелерді жүргізу саласындағы негізгі қызмет түріне қатысты мамандардың еңбек функцияларына, кәсіби міндеттеріне, іскерліктері мен білімдеріне қойылатын талаптардың жиынтығы.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
1) Моторшы (машинист) - 2 СБШ-нің деңгейі
2) Кеме қозғалтқышын дербес басқаратын мотршы - 3 СБШ-нің деңгейі
3) Механик (жалпы бейін) - 4 СБШ-нің деңгейі
4) Электромеханик (кемедегі) - 4 СБШ-нің деңгейі
5) Кеме жүйелер механигі - 5 СБШ-нің деңгейі
6) Механик (кеме) - 5 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

<table>
<tr><td colspan="4">9. Кәсіптің карточкасы «Моторшы (машинист)»:</td></tr>
<tr><td>Топтың коды:</td><td colspan="3">8311-1</td></tr>
<tr><td>Қызмет атауының коды:</td><td colspan="3">8311-1-015</td></tr>
<tr><td>Кәсіптің атауы:</td><td colspan="3">Моторшы (машинист)</td></tr>
<tr><td>СБШ бойынша біліктілік деңгейі:</td><td colspan="3">2</td></tr>
<tr><td>СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:</td><td colspan="3">Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 маусымдағы № 201 бұйрығы «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (52-шығарылым) бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 маусымда № 28475 болып тіркелді)
Моторшы (машинист)</td></tr>
<tr><td>Кәсіптік білім деңгейі:</td><td>Білім деңгейі:
негізгі орта білім</td><td>Мамандық:
-</td><td>Біліктілік:
-</td></tr>
<tr><td>Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:</td><td colspan="3">-Кемеде бекітілген жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде алты айлық даярлық пен тәжірибе алу, немесе жағалауда не кемеде арнайы даярлықтан өту, оның ішінде кемеде кемінде екі айлық бекітілген жұмыс өтілі болуы; -ТДДВА және теңізшілерді дипломдау қағидаларының талаптарына сәйкес</td></tr>
<tr><td>Формалды емес және информалы біліммен байланыс:</td><td colspan="3">ТДДВА кодексінің А-III/4 бөлімі мен теңізшілерді дипломдау қағидаларына сәйкес білім беру ұйымында арнайы даярлық</td></tr>
<tr><td>Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Қызметтің негізгі мақсаты:</td><td colspan="3">Негізгі және қосалқы кеме энергетикалық қондырғылары мен кеме техникалық құралдарының үздіксіз жұмысын көмекші деңгейде қамтамасыз ету</td></tr>
<tr><td colspan="4">Еңбек функциялардың сипаттамасы</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Еңбек функцияларының тізбесі:</td><td>Міндетті еңбек функциялары:</td><td colspan="2">1. Кеме энергетикалық қондырғыларын, кеме жүйелерін, механизмдері мен техникалық құралдарын техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын көмекші деңгейде орындау</td></tr>
<tr><td>Қосымша еңбек функциялары:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Еңбек функциясы 1: Кеме энергетикалық қондырғыларын, кеме жүйелерін, механизмдері мен техникалық құралдарын техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын көмекші деңгейде орындау</td><td colspan="3"></td></tr>
</table>

Дағды 1: Кеме жабдықтарын мен механизмдерін техникалық пайдалану жұмыстарын көмекші деңгейде орындау	Машықтар:
	1. Барлық ауыстыруларды, іске қосуды, механизмдерді тоқтатуды, кеме энергетикалық қондырғысын пайдалануға енгізуді және пайдаланудан шығаруды, оның ішінде апаттық жұмысты және апаттық тоқтатуды рәсімдерге сәйкес орындау 2. Сорғыларды диагностикалау және жөндеу жұмыстарын жүргізу 3. Жауапты бөлшектердің жұмыс бетінің сыртқы жағдайын анықтау (сызықтар, сызаттар, коррозия және басқа белгілер) 4. Кеме жабдықтары мен механизмдерінің негізгі ақауларын және істен шығу түрлерін анықтау 5. Берілген режимнен ауытқуларды жою 6. Крандардың, лебедкалардың және көтергіштердің жұмысына қатысты негізгі сигналдарды түсіну және пайдалану 7. Вахтадағы командалық құрам мүшесінің нұсқауларын түсіну және вахталық міндеттерді орындауға қатысты мәселелер бойынша қарым-қатынас жасау
	Білімдер:
	1. Негізгі және қосалқы энергетикалық қондырғылардың және кеме техникалық құралдарының құрылысы 2. Негізгі және қосалқы механизмдердің, кеме техникалық құралдарының жабдықтарының мақсаты, құрылысы және пайдалану ерекшеліктері 3. Кеме энергетикалық қондырғылары мен кеме техникалық құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар 4. Кеме жүйелерінің құбырөткізгіштерінің, вентильдерінің, клапандарының орналасуы мен мақсаты 5. Теңіз және ішкі су көлігі об'ектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын техникалық регламент талаптары – негізгі энергетикалық қондырғыларды, қосалқы механизмдерді және кеме техникалық құралдарын пайдалану тәртібіне қатысты 6. Машина бөліміндегі негізгі және қосалқы энергетикалық қондырғылар мен механизмдерді техникалық пайдаланудың қазіргі заманғы әдістері, олар жөндеуаралық кезеңдерді ұзартуды және ақаусыз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді 7. Кеме техникалық құралдарын пайдалану ережелері, техникалық қызмет көрсету нұсқаулықтары 8. Кеме бөлмелері, қаптамалары мен сыйымдылықтарының мақсаты 9. Жүк көтергіштер мен көтергіш жабдықтардың жұмыс істеу принципі
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Дағды 2: Кеме энергетикалық қондырғыларын, кеме жүйелерін, механизмдері мен техникалық құралдарын көмекші деңгейде техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Машықтар:
	1. Негізгі және қосалқы кеме қозғалтқыштарын, олардың жүйелері мен механизмдерін, техникалық құралдарын пайдалануын қамтамасыз ете отырып қызмет көрсету және жөндеу, сондай-ақ палубалық механизмдердің механикалық бөлігін, рульдік құрылғыны және оларды қамтамасыз ететін кеме жүйелері мен механизмдерін қызмет көрсету. 2. Топырақ сорғыш снарядтардың, қалқымалы крандардың және басқа да мамандандырылған кемелердің механизмдері мен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету. 3. Шағын көлемді және көмекші кемелерді басқару, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу. 4. Вахта бастығының басшылығымен кеменің қолмен, электрлік және гидравликалық руль жетектерін басқару. 5. Аспаптардың көрсеткіштерін оқу және оларды тиісті кеме журналдарына тіркеу. 6. Рульдік және шлюпкалық құрылғыларға техникалық қарап-тексеру жүргізу. 7. Сылақшы, ағаш шеберлік және слесарлық жұмыстарды орындау. 8. Кеме кестесіне сәйкес вахта атқару.
	Білімдер:
	1. Жүзіп өту тәртібін, жүзу ауданындағы арнайы лоцияны және лоция карталарын зерделеу. 2. Ішкі байланыс және дабыл беру жүйелерін пайдалану. 3. Авариялық-құтқару және өртке қарсы жабдықтарды, жеке және ұжымдық құтқару құралдарын қолдану. 4. Қауіп дабылдарын тану және беру. 5. Барлық кеме механизмдерінің, машиналарының, жүйелерінің, құрылғыларының және навигациялық құралдарының конструктивтік сипаттамалары мен мақсатын білу. 6. Кемедегі қызмет жарғысын және дабыл кестелерін сақтау. 7. Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарын орындау. 8. Ішкі еңбек тәртібін сақтау. 9. Суда апатқа ұшырағандарға көмек көрсету жөніндегі нұсқауларды басшылыққа алу.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Дағды 3: Кеме техникалық құралдарын қызмет көрсету, жөндеу және қауіпсіз пайдалану	Машықтар: 1. Кеме техникалық құралдарына қызмет көрсету мен жөндеуді нұсқаулықтарға сәйкес орындау 2. Кеме жүйелерінің тораптарын пайдалану, реттеу және баптау жұмыстарын жүргізу 3. Бояу, майлау және тазалау материалдары мен жабдықтарын пайдалану 4. Техникалық құжаттаманы, пайдалану нұсқаулықтарын қолдану 5. Ағымдағы техникалық қызмет көрсету және жөндеу рәсімдерін орындау 6. Жұмысты немесе жөндеуді бастар алдында қауіпсіздік шараларын қабылдау 7. Электр құралдарын, пневмоқұралдарды, қуатты құралдарды, токарлық және слесарлық жабдықтарды пайдалану 8. Қолмен, механикалық және өлшеу құралдарын қолдану 9. Жарақат, электр тогымен зақымдану, суға кету, күйік, үсік, сыну және әртүрлі улану жағдайларында алғашқы көмек көрсету 10. Химиялық және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін орындау 11. Өндірістік қызмет барысында кемелердегі еңбекті қорғау талаптарын сақтау 12. Материалдық-техникалық жабдықтау есебін жүргізу 13. Материалдық-техникалық ресурстарды сақтау және есепке алу

	Білімдер:
	1. Ағымдағы техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің әдеттегі рәсімдері 2. Кеме энергетикалық қондырғыларын, машиналық бөлім механизмдерін, палубалық механизмдер мен руль құрылғысын жөндеудің технологиялық реттілігі, слесарлық іс дағдыларын қолдану 3. Кеме техникалық құралдарының құрылысы және оларды пайдалану шарттары 4. Негізгі және қосалқы энергетикалық қондырғылардың, машиналық бөлім механизмдерінің, палубалық механизмдердің және руль құрылғысының құрылысы 5. Жұмысқа рұқсат беру жүйелері 6. Металмен жұмыс істеу ережелері 7. Беттерді дайындау әдістері 8. Слесарлық іс, іштен жанатын кеме қозғалтқыштарын, қосалқы механизмдер мен қазандықтарды жөндеу кезіндегі технологиялық реттілік 9. Теңіз және ішкі су көлігінің нысандарын пайдалану кезінде техникалық қауіпсіздік регламенттерінің талаптары 10. Кеме энергетикалық қондырғылары мен техникалық құралдарына қызмет көрсету әдістері 11. Кемедегі әртүрлі электр кернеулері 12. Жоғары кернеулі жабдықпен және кеме жағдайындағы жұмыстармен байланысты қауіптіліктер 13. Қол электр жабдықтарымен жұмыс істеудегі қауіпсіз электр кернеуі 14. Қолмен және электр құралдарын, сондай-ақ өлшеу құралдары мен станоктарды қолдану, техникалық қызмет көрсету және пайдалану тәртібі 15. Жүк көтеру тәсілдері және арқа жарақаттарының алдын алу әдістері 16. Электрқауіпсіздік талаптары 17. Ажырату/блокировка жасау тәжірибесі 18. Жабық үй-жайларда жұмыс жүргізу тәжірибесі 19. Биіктікте жұмыс жүргізу тәжірибесі 20. Өндірістік жарақаттардың жіктелуі және себептері 21. Қалдықтарды жою тәртібі 22. Қорларды басқару рәсімдері 23. Кемеде қорларды орналастыру және бекіту орындары
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Дағды 4: Жанармай құю (бункеровка) және жанармайды айдау операцияларын көмекші деңгейде жүргізу	Машықтар:
	1. Жанармай айдау операцияларын белгіленген қауіпсіз жұмыс тәжірибесіне және жабдықты пайдалану нұсқаулықтарына сәйкес орындау 2. Жанармай жүйелерін пайдалану және жанармайды айдау операцияларын жүргізу 3. Жанармай құю (бункеровка) кезінде сынама алу 4. Қауіпті және зиянды сұйықтықтарды белгіленген қауіпсіз жұмыс тәжірибесіне сәйкес өңдеу 5. Жанармай құю (бункеровка) немесе айдау операциялары кезінде қорғаныс шараларын сақтау 6. Ластануға қарсы күрес жабдықтарын пайдалану және іске қосу 7. Кеме тасымалдайтын зиянды заттармен, мұнай және мұнай өнімдерімен қоршаған ортаның ластануын болдырмау үшін шаралар қабылдау
	Білімдер:
	1. Жанармай жүйесінің функциялары мен жұмысы 2. Жанармай құю және айдау операцияларына дайындық тәртібі 3. Жанармай құю және айдау үшін шлангтарды қосу және ажырату рәсімдері 4. Жанармайды айдау операциялары 5. Жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар 6. Қоршаған ортаны ластанудың алдын алу үшін қабылдануы тиіс сақтық шаралары 7. Жанармай құю (бункеровка) немесе айдау операциялары барысында туындауы мүмкін оқиғаларға қатысты рәсімдер 8. Экологиялық қауіпсіздік талаптары 9. Қоршаған ортаны ластанудың алдын алу жөніндегі халықаралық және ұлттық нормативтік құқықтық актілер талаптары 10. Су айдындарын ластаушы заттарды жою әдістері талап етілмейді
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
Дағды 5: Көмекші деңгейде танкілерді құрғату (сусыздандыру) және кемені балластылау бойынша операцияларды орындау	Машықтар:
	1. Өлшеу құрылғыларын пайдалану 2. Осушительдік және балласт жүйелеріндегі ақауларды анықтау 3. Льяльдық және балласт жүйелерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету 4. Ағынды сулармен, қоқыспен қоршаған ортаны ластанудың алдын алу

		Білімдер:	
		1. Құрғату және балласт жүйелерінің мақсаты 2. Құрғату және балласт жүйелерінің жұмыс принципі 3. Құрғату және балласт жүйелерін пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету тәртібі 4. Құрғату және балласт жүйелерінің ақауларының тізбесі мен себептері	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу Өзгерістерді басқару Тәртіптілік Ауызекі сөйлеу дағдылары		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Кемелердегі өрт қауіпсіздігін реттейтін халықаралық конвенциялар мен стандарттар, оның ішінде SOLAS (Теңізде адам өмірін қорғау туралы халықаралық конвенция, II-2 тарау «Өртке қарсы қорғау, өртті анықтау және өртті сөндіру»), FSS кодексі (Кемелердің өрт қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық кодекс) және өзге де мамандандырылған нормативтік құжаттар		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	10. Кәсіптің карточкасы «Кеме қозғалтқышын дербес басқаратын мотршы»:		
Топтың коды:	7233-1		
Қызмет атауының коды:	7233-1-002		
Кәсіптің атауы:	Кеме қозғалтқышын дербес басқаратын мотршы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 маусымдағы № 201 бұйрығы «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (52-шығарылым) бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 маусымда № 28475 болып тіркелді) Кеме қозғалтқышын дербес басқаратын мотршы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Су көлігін пайдалану (бейін бойынша)	Біліктілік: Моторшы (машинист)
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	-кемеде бекітілген еңбек өтілі, оның ішінде кемінде алты айлық дайындық және тәжірибе жинақтау, немесе арнайы дайындық (құрлықта не кемеде), оның ішінде кемеде бекітілген кемінде екі айлық еңбек өтілі; -ТДДВА және теңізшілерді дипломдау қағидаларының талаптарына сәйкес.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	теңізшілерді дипломдау қағидалары мен ТДДВА кодексінің A-III/4 бөліміне сәйкес білім беру ұйымында арнайы даярлық.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Негізгі және қосалқы кеме энергетикалық қондырғылары мен кеме техникалық құралдарының үздіксіз жұмысын көмекші деңгейде қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Машиналық вахта кезінде кеме энергетикалық қондырғылары мен кеме техникалық құралдарының жұмысын мониторингтеу	

	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Машиналық вахта кезінде кеме энергетикалық қондырғылары мен кеме техникалық құралдарының жұмысын мониторингтеу	Дағды 1: Машина бөлімінде вахта атқару	Машықтар: 1. Барлық механизмдерді ауыстырып қосуды орындау 2. Бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптарын пайдалану 3. Машиналық бөлімнің жүйелері мен жабдықтарын пайдалану 4. Кеме энергетикалық қондырғыларын (КЭҚ) және кеме техникалық құралдарын қызмет көрсету 5. Машиналық бөлімді бөгде адамдар мен заттардың бар-жоғына тексеру 6. Ішкі кеме байланыс жүйелерін пайдалану 7. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған техникалық құралдарды қолдану 8. Заңсыз араласу актілері кезінде дабыл бойынша кестеге сәйкес іс-шараларды орындау 9. Әртүрлі құралдар арқылы апаттық сигналдар беру 10. Апаттық-ескерту сигналдарын ажырату 11. Әртүрлі дабылдар кезінде, апаттық жағдайларда әрекет ету және төтенше жағдайларда рәсімдерді орындау 12. Кеменің тіршілікке қабілеттілігін қамтамасыз ету құралдарын қолдану 13. Кеменің авариялық жабдығын пайдалану, пластырь орнату, «цемент жәшігін» қою, су өткізбейтін қалқаларды бекіту және құбырлардың зақымдануын жамау 14. Машиналық бөлмелердегі өртке қарсы жабдықтарды пайдалану 15. Жеке және ұжымдық құтқару құралдарын қолдану 16. Құтқару құралдарын, дежурлық шлюпкалар мен құтқару салдарын түсіру және көтеру, оларды басқару 17. Суға түскен адамдарға көмек көрсету 18. Алғашқы көмек көрсету Білімдер: 1. Машина бөлімінде вахта атқару тәртібі 2. Вахта атқару міндеттеріне қатысты командалар 3. Машина бөлімінде қолданылатын терминология және механизмдер мен жабдықтардың атаулары 4. Кеме энергетикалық қондырғыларын (КЭҚ) және кеме техникалық құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулар 5. Негізгі қозғалтқыш қондырғысының және қосалқы механизмдердің қысымын, температурасын және деңгейін бақылау тәртібі 6. Негізгі қозғалтқыш қондырғысын және қосалқы механизмдерді тексеру мерзімділігі мен көлемі 7. Негізгі және қосалқы энергетикалық қондырғылардың, машина бөлімінің механизмдері мен палубалық механизмдердің, руль құрылғысының, қашықтықтан басқару жүйелерінің және автоматтандыру құралдарының жұмысына

		байланысты ақаулардың түрлері мен пайда болу себептері, оларды алдын алу және жою тәсілдері 8. Энергетикалық қондырғы жұмысының нормативтік пайдалану-техникалық көрсеткіштері 9. Негізгі қозғалтқыш қондырғысының және қосалқы механизмдердің функциялары мен жұмыс режимдері 10. Шпангоуттардың, есіктердің, люктердің, қақпақтардың және мойынтесіктердің таңбалау түрлері 11. Машина бөлімінде жұмыс істеу кезінде еңбек қорғау талаптары 12. Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шаралар 13. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, негізгі жеке қорғану құралдары, кәсіптік аурулардың алдын алу тәсілдері 14. КЭҚ мен кеме техникалық құралдарын пайдалану кезінде кемелердегі еңбек қорғау талаптары 15. Дабыл сигналдары; жиналу жолдары мен орындары, дабыл кезіндегі міндеттер мен іс-әрекеттер 16. Қауіп-қатер сигналдарын беру түрлері мен тәсілдері 17. Машина бөліміндегі апаттық дабыл беру жүйелері және олардың сигналдарын ажырата білу 18. Кеменің тіршілігін сақтау бойынша іс-шаралар 19. Кеме корпусына теңіз суы түскен жағдайда іс-әрекеттер 20. Өрт сөндіру кезіндегі іс-әрекеттер 21. Кеме бортына бөгде адамдардың (қарақшылардың, заңсыз жолаушылардың) кіру жағдайындағы іс-әрекеттер 22. Кеме бортында болуы тыйым салынған немесе шектелген құрылғылардың, заттар мен материалдардың тізімі 23. Машина бөлімдеріндегі өртке қарсы жабдықтардың орналасуы 24. Көліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасы 25. Заңсыз араласу актісін жасауға ықтимал қауіптердің тізбесі, қауіпсіздік деңгейлерін (қорғау деңгейлерін) жариялау (орнату) тәртібі 26. Көліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бақылау жүргізу тәртібі 27. Кеме жүзу қауіпсіздігі талаптары 28. Өрттің түрлері және химиялық табиғаты 29. Кемедегі өрт сөндіру құралдары мен жүйелері 30. Кемеде қолданылатын тасымалды және стационарлы өрт сөндіргіштердің түрлері, оларды әртүрлі жану жағдайларында таңдау 31. Өрт сөндіру тактикасы. Әртүрлі типтегі кемелердегі өртпен күрес ерекшеліктері 32. Қысылған ауамен жұмыс істейтін автономды тыныс алу аппараттары және апаттық тыныс алу құрылғылары 33. Кемедегі апаттық жүйелердің, апаттық мүліктің және сумен күреске арналған құралдардың негізгі түрлері

		34. Тесік-жарақтарды бітеу, су өткізбейтін қалқаларды нығайту, апаттық құрал-жабдықтар мен материалдарды қолданудың негізгі тәсілдері 35. Жеке қорғану құралдары, олардың жіктелуі және мақсаты 36. Кемедегі апаттық-құтқару құралдары мен аспаптары, олардың орналасуы 37. Ұжымдық құтқару құралдары мен жеке қорғану құралдарының түрлері, жабдықталуы және таңбалануы 38. Машина бөлімдерінен эвакуациялау жолдары 39. Құтқару құралдарын түсіру және көтеру тәртібі 40. Кемені тастап шығу тәсілдері және суда өмір сүру тәсілдері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
	Дағды 2: Котел бөлімінде вахта атқару	Машықтар:
		1. Жергілікті және қашықтықтан жұмыс істейтін датчиктердің көмегімен өлшеу құралдарын пайдалану 2. Қазанның жұмысын тікелей тексеру 3. Қазан жұмысын автоматты режимнен қол режиміне ауыстыру 4. Қазанның жағдайын жергілікті және қашықтықтан жұмыс істейтін датчиктер арқылы алынған тиісті ақпарат пен тікелей тексерулерге сүйене отырып бағалау
		Білімдер:
		1. Қазандықтарды қауіпсіз пайдалану тәртібі 2. Қазандық параметрлерінің жұмыс мәндерінің ауқымы 3. Қазандықтың жұмысын түзету кезектілігі мен уақыты
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу Өзгерістерді басқару Тәртіптілік Ауызекі сөйлеу дағдылары	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Кемелердегі өрт қауіпсіздігін реттейтін халықаралық конвенциялар мен стандарттар, оның ішінде SOLAS (Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция, II-2-бөлім «Өрттің алдын алу, өртті анықтау және өртті сөндіру»), FSS кодексі (Кемелердің өрт қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық кодекс) және басқа да арнайы нормативтік құжаттар.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	11. Кәсіптің карточкасы «Механик (жалпы бейін)»:	
Топтың коды:	3115-1	
Қызмет атауының коды:	3115-1-001	
Кәсіптің атауы:	Механик (жалпы бейін)	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 408 бұйрығы «Ішкі су көлігі ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 тамызда № 15454 болып тіркелді). 8-параграф. Кеме механигі Механик (жалпы бейін)		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Су көлігін пайдалану (бейін бойынша)	Біліктілік: Механик (кемедегі)
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кеме жүзу өтілі кемінде 12 ай болуы тиіс және ол ТДДВА кодексінің A-III/1 бөлімінде көзделгендей, кеме бортына даярлықты қамтитын оқу бағдарламалары шеңберінде өтуімен расталуы керек (дайындықты тіркеу кітабында белгіленеді), не кемінде 36 айлық жүзу өтілі болуы қажет, оның кемінде 30 айы кеме машина бөлімінің құрамында жұмыс өтілі болып табылады. Тәжірибе кезінде кемінде 6 ай бойы білікті механиктің басшылығымен машина бөлімінде вахтада болу міндеттері орындалады. Қалған 6 айлық кеме тәжірибесі куәландырылған зертханаларда, тренажер-симуляторларда және оқу машина бөлімінде өткізілген сабақтармен алмастырылады		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Жұмысшы механик дипломы, куәліктері (қажет болған жағдайда): 1) «Бастапқы даярлық»; 2) «Кемені қорғау саласындағы хабардарлық бойынша даярлық» немесе «Қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тағайындалған міндеттер бойынша даярлық»; 3) «Құтқару қайықтары мен салдарының және жылдам жүрмейтін кезекші қайықтардың маманы»; 4) «Өртпен күрес бойынша кеңейтілген бағдарлама»; 5) «Кемеде алғашқы медициналық көмек көрсету»; 6) «Кемеде медициналық күтім жасау». Мамандандырылған кемелерде жұмыс істеген жағдайда қосымша курстардан өтеді: 7) Мұнай танкерлері немесе химиялық танкерлер – «Мұнай танкерлерінде жүк операциялары мәселелері бойынша бастапқы даярлық»; 8) Газ тасымалдаушы кемелер (газовоздар) – «Газ тасымалдаушы танкерлерде жүк операцияларын жүргізу бойынша бастапқы даярлық»; 9) Контейнер тасымалдаушы кемелер – «Қауіпті жүктер»; 10) Жолаушылар кемелері – «Жолаушылар кемелерінің капитандары, командалық және қатардағы құрам мүшелері мен басқа персоналдың даярлығы».		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Кемелік техникалық құралдардың жарамдылығын және олардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Қозғалтқыш қондырғысы мен қосалқы механизмдерді эксплуатация деңгейінде техникалық пайдалану қамтамасыз ету	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Қозғалтқыш қондырғысы мен қосалқы механизмдерді эксплуатация деңгейінде техникалық пайдалану қамтамасыз ету			

	Дағды 1: Машиналық вахтаны атқару	Машықтар: 1. Кемелік қозғалтқыш қондырғыларын, көмекші жабдықтарды және кемелік техникалық құралдарды басқару. 2. Маневр жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін барлық механизмдер мен жабдықтардың тағайындалған дайындық деңгейін, сондай-ақ руль жетегін және кеменің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін электр тұтынушыларын қоректендіруге жеткілікті электр энергиясының қорын қамтамасыз ету. 3. Қызмет көрсетілетін бөлмелерде механизмдерді қосу, іске қосу және тоқтату жұмыстарын орындау. 4. Өз қарауындағы кемелік техникалық құралдардағы ақаулар мен істен шығуларды анықтау және жою. 5. Теңіз кемелерінің механигі міндеттерін орындау үшін ағылшын тілін жазбаша және ауызша түрде пайдалану.

	Білімдер:
	1. Машина вахтасын атқарудың негізгі қағидаттары. 2. Вахтаны қабылдау, атқару және тапсыру кезіндегі міндеттер. 3. Кемелік қозғалтқыш қондырғысының аспаптарынан алынған көрсеткіштерді вахта журналдарына енгізу және оларды жүргізу тәртібі. 4. Вахтаны келесі механикке тапсыру тәртібі. 5. Қауіпсіздік рәсімдері және апат кезінде әрекет ету тәртібі; барлық жүйелерді қашықтан/автоматты басқарудан жергілікті басқаруға ауыстыру рәсімі. 6. Вахта кезінде сақтық шаралары және өрт немесе апат жағдайында, әсіресе отын мен май жүйелеріне қатысты жедел әрекеттер. 7. Аға механиктің вахта бойынша нұсқаулары және жүйелер мен механизмдерді пайдалануға, жұмыстардың сипатына, қатысқан персоналға және ықтимал қауіптерге қатысты арнайы нұсқаулықтары. 8. Кемелік қозғалтқыш қондырғыларына, механизмдерге, жүйелерге, кемелік техникалық құралдарға және құрылымдарға қатысты техникалық регламенттер мен пайдалану нұсқаулықтарының талаптары. 9. Кемелердегі вахтаны атқару тәртібін реттейтін құжаттар. 10. Кемелік ескерту және апатты дабыл беру жүйелері. 11. Кемелік қозғалтқыш қондырғыларының, техникалық құралдардың, көмекші механизмдердің, жүйелер мен жабдықтардың сипаттамалары мен параметрлері. 12. Теңіз және өзен флоты кемелеріндегі еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптары. 13. Вахта кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау және өрт немесе оқыс оқиғалар кезінде жедел әрекет ету. 14. Теңіз кемелерінде механиктің міндеттерін орындау және техникалық материалдарды оқу үшін қажетті деңгейдегі ағылшын тілі. 15. Машина бөліміндегі ресурстарды басқару қағидаттары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Дағды 2: Негізгі қозғалтқыш қондырғыларын, көмекші механизмдер мен олармен байланысты басқару жүйелерін пайдалану	Машықтар: 1.Негізгі қозғалтқыш пен онымен байланысты көмекші механизмдерді; бу қазандығы мен оған байланысты көмекші механизмдер мен бу жүйелерін; көмекші қозғалтқыштар мен оларға байланысты жүйелерді; сондай-ақ суыту, ауаны кондициялау және желдету жүйелерін дайындау және пайдалану, олардағы ақауларды анықтау және зақымданудың алдын алу бойынша шаралар қабылдау. 2. Қозғалтқыштар мен қазандық қондырғыларының жүктеме параметрлерін бағалау және реттеу. 3. Кемелік техникалық құралдар мен басқару жүйелеріндегі ақауларды іздеу, анықтау және жою. 4. Қоршаған ортаның мұнай және зиянды сұйық заттармен ластануын болдырмау. 5. Сорғы жүйелерін пайдалану кезінде міндеттерді орындау. 6. Льяльдық, балласттық және жүк сорғы жүйелерін пайдалану кезінде міндеттерді орындау. 7. Кемедегі ішкі байланыс жүйелерін пайдалану. 8. Өртті анықтау, дабыл беру жүйелерін, стационарлық автоматты шашыратқыштарды, бу, көбікті және көмірқышқыл газды өрт сөндіру жүйелерін, өртке қарсы ысырмаларды мен жапқыштарды, автоматты және қолмен басқарылатын өртке қарсы есіктерді, сондай-ақ сорғылар мен негізгі қозғалтқыштың авариялық тез жабылатын клапандарын пайдалану. 9. Өрт туындаған жағдайда, соның ішінде отын жүйелеріндегі өрт кезінде іс-қимыл тәртібін сақтау.

	Білімдер:
	1.Механикалық жүйелердің жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары мен құрылысы. 2.Қозғалтқыш қондырғыларының жүйелерін қоса алғанда, механизмдерді пайдалану кезінде қауіпсіз және апаттық әрекет ету рәсімдері. 3.Кемелік қозғалтқыш қондырғыларының, жабдықтар мен жүйелердің пайдалану сипаттамалары, ақаулар мен істен шығулардың ықтимал себептері. 4.Сорғылар мен құбыржолдардың пайдалану сипаттамалары. 5. Льяльдық, балласттық және жүк жүйелерін пайдалану кезіндегі міндеттер. 6. Ішкі су көлігі объектілерінің қауіпсіздігі туралы техникалық регламент. 7. Теңіз көлігі объектілерінің қауіпсіздігі туралы техникалық регламент. 8.Кемеден мұнайқұрамды суларды ағызуға арналған льяльды су сепараторларын және автоматты өлшеу, тіркеу және басқару жүйелерін пайдалану талаптары. 9.Кемелік техникалық құралдар мен конструкцияларға қойылатын техникалық регламенттердің талаптары. 10.Кемелердегі еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптары. 11.Теңіз кемесінің механигі міндеттерін орындауға қажетті кәсіби ағылшын тілі. 12.Классификациялық қоғамдар мен қадағалау органдарының кемелік қозғалтқыш қондырғылары мен жүйелерін пайдалану жөніндегі талаптары. 13. Жабдықтарды сынау әдістемесі. 14. Кемелерді пайдалану кезінде қоршаған ортаны ластанудың алдын алу қағидаларын реттейтін халықаралық және ұлттық актілер. 15.Мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуімен күресу әдістері. 16. Ластануға қарсы іс-шаралар және оған қатысты барлық жабдықтар. 17.Сорғылар мен құбыржолдардың, соның ішінде басқару жүйелерінің пайдалану сипаттамалары. 18.Мұнай-су қоспасын бөлгіш сепараторларға (немесе ұқсас жабдықтарға) қойылатын талаптар және олардың пайдаланылуы. 19.Кеме ішіндегі байланыс жүйелерін пайдалану және қолдану тәртібі
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Дағды 3: Кемелік механизмдер мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Машықтар:
	1.Кемеде бөлшектерді дайындау және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін аспаптарды, станоктарды және өлшеу құралдарын пайдалану 2. Әртүрлі оқшаулау материалдарын пайдалану 3. Кемедегі тораптар мен механизмдердің ақауларын анықтап, істен шығу себептерін талдау 4. Құралдар мен станоктарды (токарлық, фрезерлік, жылтырату және тб) пайдалана отырып, бөлшектерді механикалық өңдеу, қондыру, дайындау және жөндеу жұмыстарын орындау 5. Бөлшектердің геометриялық өлшемдерін және жөндеу жұмыстарының сапасын бақылау үшін өлшеу аспаптарымен (штангенциркуль, микрометр, индикатор, нутромер және тб) жұмыс істеу 6. Түрлі оқшаулау материалдарын (жылу, дыбыс, діріл оқшаулау, герметиктер) таңдап, оларды кемеде орнату және монтаждау жұмыстарын орындау 7. Слесарлық-жинақтау жұмыстарын, жабдықтарды, тораптарды, құбыржолдарын, кеме корпустары мен конструкцияларын орнату және бөлшектеу жұмыстарын жүргізу 8. Арматурамен, клапандармен, сорғылармен, редукторлармен, майлау, салқындату, бу және қосалқы жүйелермен (мамандануына байланысты) жұмыс істеу
	Білімдер:
	1. Кемелер мен жабдықтарды жасау және жөндеу кезінде қолданылатын материалдардың сипаттамалары мен шектеулері. 2. Кеме жабдықтарын жасау және жөндеу үшін пайдаланылатын процестердің сипаттамалары мен шектеулері. 3. Жүйелер мен олардың компоненттерін дайындау және жөндеу кезінде ескерілетін қасиеттер мен параметрлер. 4. Авариялық, ағымдағы және уақытша жөндеу жұмыстарын қауіпсіз орындау. 5. Қол құралдарын, станоктарды және өлшеу құралдарын пайдалану кезінде қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ету. талап етілмейді
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
Дағды 4: Электр жабдықтарын, электрондық аппаратураны және басқару жүйелерін пайдалану	Машықтар:
	1.Кеме электр жетектерін және оларды басқару жүйелерін пайдалану 2.Электр түрлендіргіштерін, генераторларды және олардың басқару жүйелерін пайдалану 3.Кеме автоматтандырылған жүйелерін пайдалану

		Білімдер:
		1.Электр жабдықтарының негізгі конфигурациясы мен жұмыс істеу принципі 2.Электрондық жабдықтардың негізгі конфигурациясы мен жұмыс істеу принципі 3.Басқару жүйелерінің негізгі конфигурациясы мен жұмыс істеу принциптері 4.Кеме электр жабдықтарын пайдалану жөніндегі міндеттер 5.Электртехниканың негіздері, электрондық және электр жабдықтарының құрылысы, автоматты басқару жүйелері мен қорғаныс құрылғылары 6.Электр машиналарының, трансформаторлардың, күшейткіштердің, ажыратқыштардың, электр жетектерінің, тарату жүйелерінің, желілердің, қалқандардың, электр станцияларының, жүктемені бақылау және сигнал беру аппаратурасының құрылысы мен жұмыс істеу принциптері 7.Кеме электр жабдықтарының, электр машиналары мен аккумуляторлардың, жартылай өткізгіш түрлендіргіштер мен аспаптардың, электрөлшеу құралдарының, оқшаулаудың кедергісін бақылау және қорғаныс жерге қосу жүйелерінің, кеме басқару, сигнал беру және байланыс аппаратурасының құрылысы мен пайдалану ережелері 8. Электр энергиясын бөлу сұлбаларының құрылысы, кеме электрэнергетикалық жүйелерін реттеу, бақылау, қорғау және автоматтандыру принциптері 9. Кеме электр жетектерінің және оларды басқару жүйелерінің құрылысы мен электромеханикалық қасиеттерінің негіздері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
	Дағды 5: Электрлік және электрондық жабдықтарды техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Машықтар:
		1.Электрлік және электрондық жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыру. 2. Бақылау жүйелеріндегі ақауларды жою. 3.Бағдарламалық қамтамасыз ету жаңартуларын басқару және бақылау. 4. Электрлік және қарапайым электрондық сұлбаларды оқу. 5. Электр тізбектеріндегі ақаулар мен ақау орындарын анықтап, зақымданудың алдын алу шараларын қабылдау.

		Білімдер:	
		1. Кеме электр жүйелерімен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік талаптары, соның ішінде осындай жабдықпен жұмыс істеуге рұқсат берілгенге дейін электр жабдығын қауіпсіз ажырату туралы білім. 2. Автоматика жүйелерінің теориясының негіздері мен құрылысы, микроэлектрондық және микропроцессорлық автоматика жүйелері. 3. Электрлік бақылау-өлшеу жабдықтарының құрылысы және әрекет ету принциптері. 4. Электр жүйелерінің жабдықтарына, тарату қалқандарына, электр қозғалтқыштарына, генераторларға, сондай-ақ тұрақты ток жүйелері мен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеу әдістемесі. 5. Электр тізбектеріндегі ақауларды анықтау, олардың орналасқан жерін белгілеу және зақымданудың алдын алу шаралары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу Өзгерістерді басқару Тәртіптілік Ауызекі сөйлеу дағдылары		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Кемелердегі өрт қауіпсіздігін реттейтін халықаралық конвенциялар мен стандарттар, оның ішінде SOLAS (Теңізде адам өмірін қорғау туралы халықаралық конвенция, II-2 тарау «Өртке қарсы қорғау, өртті анықтау және өртті сөндіру»), FSS кодексі (Кемелердің өрт қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық кодекс) және өзге де мамандандырылған нормативтік құжаттар		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	12. Кәсіптің карточкасы «Электромеханик (кемедегі)»:		
Топтың коды:	3115-3		
Қызмет атауының коды:	3115-3-027		
Кәсіптің атауы:	Электромеханик (кемедегі)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 408 бұйрығы «Ішкі су көлігі ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 тамызда № 15454 болып тіркелді). 10-параграф. Механиктің электр жабдықтау жөніндегі көмекшісі Электромеханик (кемедегі)		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Су көлігін пайдалану (бейін бойынша)	Біліктілік: Электр механигі (кемедегі)

Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	теңізде жүзу өтілі кемінде 12 ай, оның кемінде 6 айы ТДДВА Кодексінің A-III/6 бөлімінде көзделген даярлық бағдарламаларын өту шеңберінде кемеде жұмыс өтілі ретінде расталуы тиіс және бұл дайындықты тіркеу кітабында құжат түрінде расталуы қажет, не кемінде 36 ай теңізде жүзу өтілі, оның кемінде 30 айы машиналық команданың құрамында кемеде жұмыс өтілі ретінде болуы тиіс, не кемінде 12 ай — негізгі қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 кВт немесе одан да жоғары кемелерде электромеханик лауазымында жұмыс өтілі.	
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Жұмысшы механик дипломы, куәліктері (қажет болған жағдайда): 1)«Бастапқы даярлық»; 2)«Кемені қорғау саласындағы хабардарлық бойынша даярлық» немесе «Қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тағайындалған міндеттер бойынша даярлық»; 3)«Құтқару қайықтары мен салдарының және жылдам жүрмейтін кезекші қайықтардың маманы»; 4)«Өртпен күрес бойынша кеңейтілген бағдарлама»; 5)«Кемеде алғашқы медициналық көмек көрсету»; 6)«Кемеде медициналық күтім жасау».	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	3115-1-017 - Электромеханик	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Кемедегі электр жабдықтарының және автоматика құралдарының үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Кемедегі электр жабдықтары мен автоматика құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу 2. Кеме электромеханикалық қызметі мамандарына басшылық жасау
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Кемедегі электр жабдықтары мен автоматика құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Дағды 1: Кемедегі электр жабдықтарына, электр техникалық автоматика, навигация және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру.	Машықтар: 1.Электр жабдықтарының техникалық күйінің параметрлерін талдау. 2.Бақылаудың барлық құралдарын, кемеішілік байланыс және басқару жүйелерін, соның ішінде электрэнергетикалық және бас энергетикалық қондырғылардың пульттеріндегі ақпаратты пайдалану. 3.Кеме жүрісі мен тіршілік қабілеттілігін қамтамасыз ететін электромеханикалық қызмет қарамағындағы кез келген агрегатты іске қосу және жұмыстан шығару. 4.Кемедегі электр жабдықтары мен автоматикасын пайдалану жөніндегі техникалық құжаттамамен жұмыс істеу. 5. Әртүрлі электр энергиясы көздерінен қоректендіруді үздіксіз ауыстыруды жүзеге асыру.

		Білімдер:
		1. Механикалық жүйелердің құрылысы мен жұмыс істеу принциптері, соның ішінде бастапқы қозғалтқыштар (негізгі қозғалтқыш қондырғысы), машиналық бөлімдегі қосалқы механизмдер, рульді басқару жүйелері, жүк өңдеу жүйелері, палубалық механизмдер және тұрмыстық кемелік жүйелер. 2. Электр жабдықтарымен орындалатын технологиялық процестер (регламенттер). 3. 1000 вольттан жоғары кернеулі энергия жүйелерін пайдалану кезінде туындайтын қауіпті факторлар және сақтық шаралары. 4. Термодинамика, механика және гидромеханика салаларының теориялық бөлімдері. 5. Электр жабдықтары мен автоматика құрылғыларының құрылысы (конструкциясы). 6. Электр жабдықтарының, автоматика құрылғыларының, электрорадионавигациялық жүйелердің және тұрмыстық кемелік жабдықтардың арналуы мен техникалық сипаттамалары. 7. Жоғары кернеулі технологиялар, соның ішінде жоғары кернеулі жүйелердің арнайы техникалық түрлері және 1000 вольттан жоғары жұмыс кернеуіне байланысты қауіптер. 8. Кемелердің ескек электркозғалтқыш қондырғылары, электркозғалтқыштар және оларды басқару жүйелері. 9. Кемеішілік байланыс жүйелерінің барлық түрлерін пайдалану қағидаттары. 10. Еңбекті қорғау талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
	Дағды 2: Кеменің электр жабдықтарын, электрлік автоматика, навигация және байланыс құралдарын жөндеу.	Машықтар:
		1.Зауыттық жөндеу жұмыстарын орындауға арналған жабдықтар мен үй-жайларды дайындау және оларды белгіленген мерзімде орындауға жәрдемдесу 2.Электр жабдықтарының ақаулары мен істен шығуын жою 3.Кеменің жоғары вольтты электр жабдықтарын жөндеу 4.Есептік жөндеу-техникалық құжаттаманы жүргізу

		Білімдер:
		1.Бас қозғалтқышты және машина бөліміндегі көмекші механизмдерді қашықтықтан автоматты басқару жүйелері 2.Көмекші қазандықтардың автоматты басқару жүйелері 3.Кеме электр станциясының кернеуі мен жиілігін автоматты реттеу жүйелері, параллель жұмыс істеу және белсенді мен реактивті жүктемелерді бөлу жүйелері 4.Гребтік электр қондырғылары мен электр станциялары механизмдерін автоматтандыру және қызмет көрсету жүйелері, негізгі жабдықтың қорғаныс орнатуларының әрекеті мен шамасы, резервтік және апаттық жабдықтың тұрақ, іске қосу және жұмыс режимдерінің ерекшеліктері, тұтынушылардың қоректенуін кеме мен жағалық электр көздері арасында ауыстыру ережелері 5. Рульдік кешеннің автоматты басқару жүйелері 6. Жүк операцияларын, палубалық және жүк көтергіш механизмдерді басқару жүйелері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
	Дағды 3: Кеме кестесіне (вахталық расписаниесіне) сәйкес вахта атқару	Машықтар:
		1. Кеме электр жабдықтарының техникалық жағдайының параметрлерін талдау 2. Кеменің электр техникалық құралдарының құрамындағы жабдықты жұмысқа қосу және жұмыстан шығару 3. Барлық бақылау құралдарын, кемедегі ішкі байланыс және басқару жүйелерін, соның ішінде электрэнергетикалық қондырғы мен бас энергетикалық қондырғының пульттеріндегі ақпаратты пайдалану 4. Кемедегі жоғары кернеулі электр қондырғыларын кеме нұсқаулықтарына және халықаралық стандарттарға (мысалы, SOLAS) сәйкес пайдалану 5. Жоғары кернеулі тарату құрылғыларына, негізгі және авариялық тарату қалқандарына техникалық қызмет көрсету
		Білімдер:
		1.Машина бөлімінің, электрэнергетикалық және бас энергетикалық қондырғылардың электр жабдығы 2.Жабдықтардың құрылысы (конструкциясы) 3.Жабдықтардың арналуы мен техникалық сипаттамалары 4. Электр жабдықтары мен автоматика құралдарын техникалық пайдаланудың ережелері, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптары 5. Теңіз және өзен көлігі құралдарының көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нормативтік құқықтық актілердің талаптары мен ерекшеліктері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Еңбек функциясы 2: Кеме электромеханикалық қызметі мамандарына басшылық жасау	Дағды 1: Кеменің электр жабдықтары мен автоматика құралдарын техникалық пайдалануды және жөндеуді жүзеге асыратын кемелік электромеханикалық қызмет мамандарына басшылық жасау	Машықтар:
		1. Біліктілігі төмен қызметкерлерге білім мен дағдыларды беру 2. Кәсіби білімін, дағдыларын және біліктілігін ескере отырып, бағынышты персоналдың жұмысын ұйымдастыру және функцияларын бөлу 3. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарының көлемі мен сапасын тексеру 4. Жұмыстардың уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында персоналды бақылау
		Білімдер:
		1. Еңбек қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі талаптары 2.Бағынышты мамандардың лауазымдық нұсқаулықтары 3. Төтенше жағдайлар туындаған кезде іс-қимыл алгоритмі 4. Кемедегі персоналды басқару және оны даярлау әдістері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
	Дағды 2: Кемедегі электр жабдықтары мен автоматика құралдарын жарамды күйде ұстау бойынша жұмыстарды жоспарлау	Машықтар:
		1. Қосалқы бөлшектерді, аспаптар мен құрылғыларды есепке алу, материалдық-техникалық жабдықтауға өтінімдерді ресімдеу мақсатында заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану 2. Техникалық құжаттаманы ресімдеу 3. Міндеттер мен жұмыс жүктемесін басқару әдістерін қолдану, оның ішінде жоспарлау мен үйлестіруді; персоналды тағайындауды; уақыт пен ресурстар жеткіліксіз болған жағдайда жұмыстардың кезектілігін белгілеу
		Білімдер:
		1.Электромеханикалық қызмет қарауындағы жабдықтар мен механизмдерге арналған мемлекеттік және салалық стандарттар, нормативтік-техникалық құжаттар 2.Кемелердің техникалық қызмет көрсетуі мен жөндеуін, жабдықтауды және ұйымның бөлінген қоймасын басқарудың автоматтандырылған жүйесі 3. Жабдықты және онымен байланысты жүйелерді қауіпсіз оқшаулау жөніндегі жергілікті нормативтік актілердің талаптары 4. Кеме электр жабдығы мен автоматика құралдарын тексеру, ақауларды анықтау және жөндеу әдістері 5.Еңбек қауіпсіздігі талаптары, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтар 6. Төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмі 7.Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптары және теңіз және өзен көлігі құралдарының ерекшеліктері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу Өзгерістерді басқару Тәртіптілік Ауызекі сөйлеу дағдылары		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Кемелердегі өрт қауіпсіздігін реттейтін халықаралық конвенциялар мен стандарттар, оның ішінде SOLAS (Теңізде адам өмірін қорғау туралы халықаралық конвенция, II-2 тарау «Өртке қарсы қорғау, өртті анықтау және өртті сөндіру»), FSS кодексі (Кемелердің өрт қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық кодекс) және өзге де мамандандырылған нормативтік құжаттар		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	13. Кәсіптің карточкасы «Кеме жүйелер механигі»:		
Топтың коды:	3115-3		
Қызмет атауының коды:	3115-3-009		
Кәсіптің атауы:	Кеме жүйелер механигі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 408 бұйрығы «Ішкі су көлігі ұйымдарының басшылары, 8-параграф. Кеме механигімамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 тамызда № 15454 болып тіркелді). Кеме жүйелер механигі		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Су көлігін пайдалану (бейін бойынша)	Біліктілік: Су көлігін пайдалану қолданбалы бакалавры
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Негізгі қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 кВт немесе одан жоғары кемелерде механик-тәжірибеші лауазымынан төмен емес қызметте кемінде 12 ай жүзу өтілі болуы тиіс		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Жұмысшы механик дипломы, куәліктері (қажет болған жағдайда): 1) «Бастапқы даярлық»; 2) «Кемені қорғау саласындағы хабардарлық бойынша даярлық» немесе «Қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тағайындалған міндеттер бойынша даярлық»; 3) «Құтқару қайықтары мен салдарының және жылдам жүрмейтін кезекші қайықтардың маманы»; 4) «Өртпен күрес бойынша кеңейтілген бағдарлама»; 5) «Кемеде алғашқы медициналық көмек көрсету»; 6) «Кемеде медициналық күтім жасау». Мамандандырылған кемелерде жұмыс істеген жағдайда қосымша курстардан өтеді: 7) Мұнай танкерлері немесе химиялық танкерлер – «Мұнай танкерлерінде жүк операциялары мәселелері бойынша бастапқы даярлық»; 8) Газ тасымалдаушы кемелер (газовоздар) – «Газ тасымалдаушы танкерлерде жүк операцияларын жүргізу бойынша бастапқы даярлық»; 9) Контейнер тасымалдаушы кемелер – «Қауіпті жүктер»; 10) Жолаушылар кемелері – «Жолаушылар кемелерінің капитандары, командалық және қатардағы құрам мүшелері мен басқа персоналдың даярлығы».		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Кеме қозғалтқыш қондырғыларының, механизмдерінің, жүйелерінің және құрылғыларының үздіксіз жұмыс істеуін, техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Қозғалтқыш қондырғысы мен қосалқы механизмдердің тиімді пайдаланылуын, техникалық қызмет көрсетілуі мен жөндеуін басқару деңгейінде ұйымдастыру және осы процестерге басшылық жасау
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Қозғалтқыш қондырғысы мен қосалқы механизмдердің тиімді пайдаланылуын, техникалық қызмет көрсетілуі мен жөндеуін басқару деңгейінде ұйымдастыру және осы процестерге басшылық жасау	Дағды 1: Кемедегі қозғалтқыш қондырғысы мен қосалқы механизмдердің жұмысын басқару, бақылау, олардың жұмысын бағалау және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету	Машықтар:
		1. Кеме негізгі қозғалтқыш қондырғысын, қосалқы механизмдер мен оларға қатысты жүйелерді іске қосу және тоқтату. 2. Кеме механикалық және электрлік жабдықтары мен жүйелерінің жұмысын бақылау, дайындаушы ұйымның нұсқаулары мен тиісті құжаттарды басшылыққа ала отырып орындау. 3. Кемедегі және жағалаудағы мамандармен орындалатын техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарының сапасы мен толықтығын бақылау. 4. Дизельді, бу және газ турбиналарының жүріс сипаттамаларын бағалау, оның ішінде айналу жиілігі, шығару қуаты мен отын шығынын анықтау. 5. Жабдық параметрлерін тексеру мен реттеу жұмыстарын басқару. 6. Кеме техникалық құралдарының ақауларын және істен шығуларын анықтап, оларды жою.
		Білімдер:
		1. Кеменің теориясы мен құрылысы. 2. Қозғалтқыш қондырғысының пайдалану шектеулері. 3. Негізгі қозғалтқыштың автоматты басқару жүйесінің қызметтері мен құрылымы. 4. Қосалқы механизмдердің автоматты басқару жүйесінің қызметтері мен құрылымы. 5. Басқару жүйелеріндегі ақауларды іздеу, анықтау және жою бағдарламалары. 6. Механизмдер мен жүйелердің типтік ақаулары, олардың орналасуын анықтау және зақымданудың алдын алу тәсілдері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Дағды 2: Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын қауіпсіз және тиімді жүргізуді басқару	Машықтар: 1. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын басқарып, олардың сапасын бақылау. 2. Кемедегі және жағалаудағы мамандар орындайтын кеме техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарының сапасы мен толық көлемін бақылау. 3. Кеме механизмдері мен жабдықтарын жоспарлы алдын ала тексеру және жөндеу (регламенттік жұмыстар) кестелерін, жөндеу тізімдемелерін жасау. 4. Кеме механизмдері, жабдықтары мен жүйелерін алдағы жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектер мен материалдарға қажеттілікті анықтап, кеме иесіне (не өкіліне) тиісті өтінімдер дайындау және ұсыну. 5. Жүргізілген жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша есептік және есепке алу құжаттамасын жүргізу. 6. Пайдалану құжаттамасымен жұмыс істеу. 7. Машина командасының құрамына олардың біліктілігі мен кәсіби мамандануын ескере отырып, бағынышты персоналдың жұмысын ұйымдастыру. 8. Машина командасының мүшелеріне міндеттерді бөлу кестесін жасау. 9. Кемеде бөлшектер дайындау және жөндеу жұмыстарын орындау үшін арнайы құралдарды, өлшеу аспаптарын, қол аспаптарын, станоктарды пайдалану. 10. Ішкі және сыртқы аудиттердің сәйкессіздіктері мен ескертулерін жоюды ескере отырып, техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау.

		Білімдер:
		1. Кеме механизмдері мен жабдықтарын қауіпсіз оқшаулау арқылы техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын қауіпсіз және тиімді ұйымдастыру және басқару, сондай-ақ персоналға осындай жабдықтармен жұмыс істеуге рұқсат берер алдында қауіпсіздік талаптарын сақтау. 2. Жабдықты жасау және жөндеу кезінде қолданылатын материалдардың жобалық сипаттамалары мен қасиеттері. 3. Кемелерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу технологиялары. 4. Жабдықтың техникалық жағдайын бағалау нормалары мен критерийлері. 5. Жабдықты бөлшектеу және орнату технологиялық регламенттері. 6. Жүйелер мен олардың компоненттерін дайындау және жөндеу кезінде ескерілетін қасиеттер мен параметрлер. 7. Кеме техникалық құралдарына қатысты техникалық регламенттер мен ережелер. 8. Техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау жүйелері мен қағидаттары. 9.Кеме техникалық құралдарының құрылысы мен пайдаланылу ерекшеліктері. 10. Еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптары және еңбек қауіпсіздігі жүйесінің стандарттары. 11.Жөндеу жұмыстарынан кейін кеме қозғалтқыш қондырғыларын сынау (обкатка) бағдарламалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
	Дағды 3: Басқару деңгейінде электрлік және электрондық жабдықтарды пайдалану	Машықтар:
		1. Кемелік электр жетектерін және оларды басқару жүйелерін пайдалану. 2.Электр түрлендіргіштерін, генераторларды және олардың басқару жүйелерін пайдалану. 3. Жабдықтар мен жүйелерді пайдалану нұсқаулықтарына сәйкес пайдалану. 4.Кемелік электрониканы және автоматтандырылған жүйелерді пайдалану.

		Білімдер:
		1. Теңіз электротехникасы, электрондық және электр жабдықтары, автоматты басқару жүйелері мен қорғаныс құрылғылары. 2. Негізгі қозғалтқыштың, генератордың, тарату жүйесінің және бу қазандығының автоматты бақылау және қорғаныс аппаратурасының жобалық сипаттамалары мен жүйелік конфигурациясы. 3. Электрқозғалтқыштарды жедел басқару аппаратурасының жобалық сипаттамалары мен жүйелік конфигурациясы. 4. Жоғары кернеулі қондырғылардың жобалық сипаттамалары. 5. Гидравликалық және пневматикалық басқару жабдықтарының сипаттамалары. 6. Кемелік электр жабдықтарын пайдалану бойынша сыныптау қоғамдарының және қадағалау органдарының талаптары. 7. Басқару жүйелеріндегі ақауларды іздеу, анықтау және жою қағидалары. 8. Кемелік электр жетектерін және оларды басқару жүйелерін пайдалану қағидалары
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
	Дағды 4: Басқару деңгейінде электрлік және электрондық жабдықтардағы ақауларды жою және оларды жұмыс жағдайына келтіру	Машықтар:
		1. Басқару және қорғау құрылғыларының электрлік және электрондық жабдығын жұмыс режимінде сынақтан өткізу 2. Басқару және бақылау жүйелеріндегі ақауларды жою 3. Кеме жүйелерін басқаруға арналған электрлік және электрондық жабдықтардың ақауларын диагностикалау 4. Жабдықтың жұмысындағы істен шығу мен ақаулардың себептерін басқару деңгейінде анықтау 5. Басқару жүйелерінің электрлік және электрондық құрамдас бөліктерін жөндеу және реттеу жұмыстарын орындау 6. Қалпына келтірілген құрылғылардың жұмысқа жарамдылығын тексеру және сынақтан өткізу 7. Жабдықтың техникалық жағдайын бақылау үшін өлшеу және диагностика құралдарын қолдану 8. Техникалық құжаттамаға сәйкес жабдықтың функционалдық жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруді қамтамасыз ету 9. Электрлік және электрондық жабдықтармен жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі мен электр қауіпсіздігі талаптарын сақтау

		Білімдер:	
		1. Кеме электрлік жүйелерімен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау талаптары, соның ішінде персоналға осы жабдықпен жұмыс істеу рұқсаты берілгенге дейін электрлік жабдықты қауіпсіз ажыратуды білу 2.Автоматты басқару жүйелерінде ақауларды іздеу, анықтау және жою бағдарламалары 3.Электрлік өлшеу және бақылау жабдығының құрылысы мен жұмыс істеу принциптері 4. Электр жүйелері жабдығының, тарату тақталарының, электр қозғалтқыштарының, генераторлардың, сондай-ақ тұрақты ток жүйелері мен жабдықтарының техникалық қызметі мен жөндеуі 5.Автоматика жүйелері, микроэлектрондық және микропроцессорлық автоматика жүйелерінің теориялық негіздері мен құрылымы 6.Генераторларды және электр энергиясын тарату жүйелерін, кеме механизмдері мен жүйелерін автоматты басқару жүйелерінің конфигурациясы және жұмыс істеу принциптері	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу Өзгерістерді басқару Тәртіптілік Ауызекі сөйлеу дағдылары		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Кемелердегі өрт қауіпсіздігін реттейтін халықаралық конвенциялар мен стандарттар, оның ішінде SOLAS (Теңізде адам өмірін қорғау туралы халықаралық конвенция, II-2 тарау «Өртке қарсы қорғау, өртті анықтау және өртті сөндіру»), FSS кодексі (Кемелердің өрт қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық кодекс) және өзге де мамандандырылған нормативтік құжаттар		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	14. Кәсіптің карточкасы «Механик (кеме)»:		
Топтың коды:	3115-3		
Қызмет атауының коды:	3115-3-002		
Кәсіптің атауы:	Механик (кеме)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 408 бұйрығы «Ішкі су көлігі ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 тамызда № 15454 болып тіркелді). 8-параграф. Кеме механигі Механик (кеме)		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Су көлігін пайдалану (бейін бойынша)	Біліктілік: Су көлігін пайдалану қолданбалы бакалавры

Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	750-3000 кВт қуаттылығындағы негізгі қозғалтқыш қондырғылары бар кемелерге арналған аға механиктің кәсіби дипломын алған жағдайда, кандидат ТДДВА III/3 ережесінің 2-тармағына сәйкес кемінде 12 ай судағы тәжірибеге ие болуы тиіс, ол төменгі деңгейдегі екінші механик және 12 ай – вахталық механик ретінде немесе 24 ай – екінші механик ретінде, немесе 12 ай – аға механик ретінде 750 кВт қуаттылығындағы негізгі қозғалтқышы бар кемелерде. 3000 кВт немесе одан жоғары қуаттылығы бар негізгі қозғалтқыш қондырғылары бар кемелерге арналған аға механиктің кәсіби дипломын алған жағдайда, кандидат ТДДВА III/2 ережесінің 2-тармағына сәйкес кемінде 36 ай судағы тәжірибеге ие болуы тиіс – вахталық механик ретінде, немесе 12 ай – екінші механик және 12 ай – вахталық механик ретінде 750 кВт немесе одан жоғары қуаттылығы бар негізгі қозғалтқышы бар кемелерде, немесе 24 ай – екінші механик ретінде, немесе 12 ай – аға механик ретінде 3000 кВт немесе одан жоғары қуаттылығы бар негізгі қозғалтқышы бар кемелерде.	
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Жұмысшы механик дипломы, куәліктері (қажет болған жағдайда): 1)«Бастапқы даярлық»; 2)«Кемені қорғау саласындағы хабардарлық бойынша даярлық» немесе «Қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тағайындалған міндеттер бойынша даярлық»; 3)«Құтқару қайықтары мен салдарының және жылдам жүрмейтін кезекші қайықтардың маманы»; 4)«Өртпен күрес бойынша кеңейтілген бағдарлама»; 5)«Кемеде алғашқы медициналық көмек көрсету»; 6)«Кемеде медициналық күтім жасау». Мамандандырылған кемелерде жұмыс істеген жағдайда қосымша курстардан өтеді: 7) Мұнай танкерлері немесе химиялық танкерлер – «Мұнай танкерлерінде жүк операциялары мәселелері бойынша бастапқы даярлық»; 8) Газ тасымалдаушы кемелер (газовоздар) – «Газ тасымалдаушы танкерлерде жүк операцияларын жүргізу бойынша бастапқы даярлық»; 9) Контейнер тасымалдаушы кемелер – «Қауіпті жүктер»; 10) Жолаушылар кемелері – «Жолаушылар кемелерінің капитандары, командалық және қатардағы құрам мүшелері мен басқа персоналдың даярлығы».	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Кеме қозғалтқыш қондырғыларының, механизмдерінің, жүйелері мен құрылғыларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және техникалық қызмет көрсету.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Қозғалтқыш қондырғылары мен қосалқы механизмдерді басқару деңгейінде тиімді пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыру және осы процестерді басқару
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Қозғалтқыш қондырғылары мен қосалқы механизмдерді басқару деңгейінде тиімді пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыру және осы процестерді басқару		

	Дағды 1: Басқару деңгейінде кеме операцияларын ұйымдастыру және адамдардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қамқорлық жасау	Машықтар: 1. Өрт, жарылыс, соқтығысу немесе суға отыру сияқты жағдайлардан кейін кемедегі зақым салдарын оқшаулау және кемені құтқару жөніндегі іс-шараларды орындау 2. Көшбасшылық пен топта жұмыс істеу дағдыларын қолдану 3. Кеменің қауіпсіз отырғыштығы мен тұрақтылығын сақтау үшін кеме құрылғыларын, жүйелерін және жабдықтарын пайдалану 4. Төтенше жағдайларда іс-қимыл жоспарларын әзірлеу 5. Ұжымдық және жеке құтқару құралдарын қолдану 6. Құтқару қайықтарын, салдарын, кезекші қайықтарды, олардың түсіру құрылғыларын, жабдықтарын, сондай-ақ құтқару құралдарының радиожабдықтарын, жерсеріктік апаттық радиобуяларды, іздестіру-құтқару транспондерлерін, жылудан қорғау құралдарын, гидрокостюмдерді және кемеде бар өзге де құтқару құралдарын пайдалану 7. Төтенше жағдайларда жолаушылар мен экипаждың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау 8. Тапсырмалар мен жұмыс жүктемесін басқару, оның ішінде: жоспарлау және үйлестіру; персоналды тағайындау; уақыт пен ресурстардың жеткіліксіздігі жағдайында басымдықтарды айқындау 9. Жағдай мен тәуекелді бағалау, нұсқаларды айқындау және талдау, іс-қимыл бағытын таңдау және нәтижелердің тиімділігін бағалау бойынша шешім қабылдау 10. Көлік құралының көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын іске асыру 11. Пайдалану шектеулерін ескере отырып, көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған техникалық құралдарды пайдалану

	Білімдер:
	1.Кеменің кез келген бөлімшесінің зақымдануы мен кейінгі су басуының кеменің отырғыштығына және тұрақтылығына әсері, сондай-ақ қабылдануы тиіс қарсы шаралар 2.Кеменің теңіз жағдайында жұмыс істеу кезінде тұрақтылығына қатысты Халықаралық теңіз ұйымының ұсынымдары 3.Кеменің тұрақтылығын қалпына келтіру әдістері 4.Кеменің құрылысының негізгі қағидаттары, отырғыштық пен тұрақтылыққа әсер ететін факторлар және қауіпсіз отырғыштық пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар кешені 5.Апаттық жағдайларда кеменің өміршеңдігі үшін күрес шаралары 6.Ұжымдық және жеке құтқару құралдарының түрлері және олардың жарақтандырылуы, соның ішінде тасымалданатын радиоаппаратура, апаттық радиобуялар және пиротехникалық құралдар 7.Көлік оқиғалары мен апат жағдайларындағы іс-қимыл тәртібі 8.Апаттық жағдайларды тергеу жөніндегі халықаралық және ұлттық заңнаманың талаптары 9. Кемедегі персоналды басқару және оны даярлау қағидалары 10.Ресурстарды тиімді басқару тәсілдері және оларды қолдану дағдылары: ресурстарды бөлу, үлестіру және пайдалану кезектілігін айқындау; кеме мен жағалауда тиімді байланыс орнату; шешімдерді топтық жұмыс тәжірибесін ескере отырып қабылдау; сенімділік пен көшбасшылық, соның ішінде уәждеу; жағдай туралы хабардар болуды қамтамасыз ету және қолдау 11. Төтенше жағдайларға дайын болуды қамтамасыз ету әдістері 12. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған техникалық құралдарды пайдалану қағидалары және олардың пайдалану шектеулері
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Дағды 2: Кеме қозғалтқыш қондырғылары мен қосалқы механизмдерінің эксплуатациясын басқару, бақылау жүргізу, жұмыс сапасын бағалау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Машықтар:
	1. Негізгі қозғалтқыш қондырғысы мен қосалқы механизмдер мен оларға байланысты жүйелерді іске қосу және тоқтату. 2. Кеменің механикалық және электрлік жабдықтары мен жүйелерін өндіруші ұйымның нұсқаулары мен сәйкес құжаттарға сай бақылау жүргізу. 3. Кеменің техникалық құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын кемелік және жағалық мамандар орындағандағы сапасын және көлемін қадағалау. 4. Дизель, бу және газ турбиналарының қозғау сипаттамаларын бағалау, оның ішінде айналу жиілігі, шығу қуаты және отын шығынын есептеу. 5. Жабдық параметрлерін тексеру және баптау жұмыстарын басқару. 6. Кеменің техникалық құралдарындағы ақаулар мен бұзылуларды жою.
	Білімдер:
	1. Кеменің теориясы мен құрылымы 2.Қозғалтқыш қондырғысының эксплуатациялық шектеулері 3.Негізгі қозғалтқышты автоматты басқару функциялары мен құрылымы 4.Қосалқы механизмдерді автоматты басқару функциялары мен құрылымы 5.Басқару жүйелеріндегі ақауларды іздеу, анықтау және жою бағдарламалары 6. Механизмдер мен жүйелердің типтік ақаулары, олардың орналасуы және зақымдануды болдырмау шаралары
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Дағды 3: Қауіпсіз және тиімді техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүргізуді басқару	Машықтар: 1. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын басқару, орындалатын жұмыстың сапасын қадағалау 2. Кеме және жағалық мамандар орындаған кеме техникалық құралдарын қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарындағы сапа мен толықтықты бақылау 3. Кеме механизмдері мен жабдықтарын жоспарлы алдын ала тексеру және жөндеу (регламенттік жұмыстар) кестелерін, жөндеу ведомостарын жасау 4. Кеме механизмдері, жабдықтары мен жүйелерін алдағы жөндеу үшін қажет қосалқы бөлшектер мен материалдарға қажеттілікті анықтау, тиісті өтінімдерді кеменің иесіне (иесінің өкіліне) беру 5. Жүргізілген жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстары бойынша есеп және тіркеу құжаттарын жүргізу 6. Эксплуатациялық құжаттармен жұмыс істеу 7. Қызметкерлерді олардың біліктілігіне және кәсіби мамандануына сәйкес ұйымдастыру 8. Машина командасының мүшелерінің кезекшілік кестесін жасау 9. Арнайы құралдар, өлшеу приборлары, қол құралдары, станоктарды пайдалану арқылы бөлшектерді дайындау және кеме үстінде жөндеу жұмыстарын орындау 10. Ішкі және сыртқы аудиттердің кемшіліктері мен ескертулерін ескере отырып техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау

	Білімдер:
	1.Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын қауіпсіз және тиімді ұйымдастыру, соның ішінде кеме механизмдері мен жабдықтарын қызметкерлерге жұмысқа рұқсат беру алдында қауіпсіз оқшаулау 2. Жабдықтарды дайындау және жөндеу кезінде қолданылатын материалдардың жобалық сипаттамалары мен қасиеттері 3.Кемелерді техникалық қызмет көрсету және жөндеу технологиялары 4.Жабдықтардың техникалық жағдайын бағалау стандарттары мен критерийлері 5. Жабдықтарды бөлшектеу және жинау бойынша технологиялық регламенттер 6.Жүйелер мен олардың компоненттерін дайындау және жөндеу кезінде ескерілетін қасиеттер мен параметрлер 7.Кеме техникалық құралдарына арналған техникалық регламенттердің ережелері 8.Техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау жүйелері мен принциптері 9.Кеме техникалық құралдарының құрылымы мен эксплуатация ерекшеліктері 10. Еңбек қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптары, еңбек қауіпсіздігі жүйесінің стандарттары 11. Жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін кеме қозғалтқыштарының іске қосу бағдарламалары
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

	Дағды 4: Басқару деңгейінде электрлік және электрондық жабдықтардағы ақауларды жою және оларды жұмыс жағдайына келтіру	Машықтар: 1. Кемедегі басқару және қорғаныс электрлік және электрондық жабдықтарын жұмыс жағдайында сынақтан өткізу 2. Басқару және бақылау жүйелеріндегі ақауларды жою 3. Кеме механизмдерін басқарудың электрлік және электрондық жүйелеріндегі ақауларды анықтау 4. Диагностикалық құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, жабдық жұмысының бұзылу себептерін анықтау 5. Аспаптар, индикаторлар және автоматика деректері бойынша басқару жүйелерінің жұмысын талдау 6. Зақымдалған құрамдас бөлшектерді (датчиктерді, контроллерлерді, кабельдерді, қосқыштарды және тб) бөлшектеу, тексеру және ауыстыру 7. Ақаулар мен істен шығулардан кейін басқару жүйелерінің жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру 8. Қосылыстардың дұрыстығын, кабельдік трассалардың тұтастығын және атқарушы құрылғылардың жұмысын тексеру 9. Ақауларды жойғаннан кейін электрондық жабдықты қайта іске қосу, баптау және калибрлеу 10. Нақты диагностика жүргізу үшін бақылау-өлшеу аспаптарын (мультиметрлерді, осциллографтарды, тестерлерді) пайдалану 11. Ақауларды жою кезінде техникалық құжаттаманы, электрлік сұлбаларды және өндірушінің нұсқаулықтарын қолдану 12. Қалпына келтірілген жабдықтың кеме жүйесіндегі жұмысқа жарамдылығын тексеру 13. Орындаған жұмыстар, ауыстырылған бөлшектер және тексеру нәтижелері туралы техникалық құжаттамада жазбалар жүргізу 14. Барлық жөндеу жұмыстары кезінде электр қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау 15. Күрделі ақауларды жою кезінде басқа мамандармен (электромеханиктермен, инженерлермен, вахталық механиктермен) іс-әрекеттерді үйлестіру 16. Жабдықтың қайтадан істен шығу қаупін бағалау және алдын алу шараларын ұсыну 17. Кеменің техникалық дайындығын қамтамасыз ету үшін басқару жүйелерін жедел және қауіпсіз қалпына келтіру

	Білімдер:
	1.Кеме электр жүйелерімен жұмыс істеу кезіндегі еңбекті қорғау талаптары, соның ішінде персоналға осындай жабдықпен жұмыс істеуге рұқсат берер алдында электр жабдығын қауіпсіз ажырату бойынша білімдер 2.Автоматты басқару жүйелеріндегі ақауларды іздеу, анықтау және жою бағдарламалары 3.Электрлік бақылау-өлшеу жабдықтарының құрылысы мен жұмыс істеу принциптері 4.Электр жүйелері жабдықтарын, тарату қалқандарын, электр қозғалтқыштарын, генераторларды, сондай-ақ тұрақты ток жүйелері мен жабдықтарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу 5.Автоматика жүйелерінің теориялық негіздері мен құрылымы, микроэлектрондық және микропроцессорлық автоматика жүйелері 6.Генераторлардың және электр энергиясын тарату жүйелерінің, кеме механизмдері мен жүйелерінің автоматты басқару жүйелерінің конфигурациясы мен жұмыс істеу принциптері
Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді

Дағды 5: Электрлік және электрондық жабдықтарды басқару деңгейінде пайдалану	Машықтар: 1. Кеме механизмдерін басқару жүйелерінің электрлік және электрондық жабдықтарын пайдалану нұсқаулықтарына сәйкес пайдалану 2. Жабдықтың жай-күйін бағалау мақсатында оны көзбен және функционалды тексеру 3. Басқару жүйелерінің жұмыс параметрлерін бақылау-өлшеу аспаптары мен бағдарламалық құралдардың көмегімен бақылау 4. Басқару электрлік және электрондық құрылғыларының жұмыс параметрлерін баптау және реттеу 5. Басқару деңгейінде жабдықтың жұмысындағы ақауларды диагностикалау және ауытқуларды анықтау 6. Технологиялық үдерістерге сәйкес жабдықты уақтылы қосу, ажырату және ауыстырып қосу 7. Кеме механизмдерін басқару жүйелерін дайындау және іске қосу бойынша операциялық рәсімдерді орындау 8. Авариялық жағдайларда әрекет ету, авариялық ажырату және жабдықтың жұмысын қалпына келтіру алгоритмдерін қолдану 9. Жабдықты пайдалану, техникалық қызмет көрсету және оқиғалар бойынша техникалық құжаттаманы жүргізу 10. Электрлік және электрондық жабдықтармен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау және электр қауіпсіздігі талаптарын сақтау 11. Басқару жүйелерінде жұмыстарды орындау кезінде қорғаныс құралдары мен арнайы аспаптарды пайдалану 12. Жабдық пен жүйелердің үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету үшін басқа техникалық қызметтермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру 13. Басқару құрылғылары мен жүйелерінің жұмыс істеуін жоспарлы тексеру және сынақтан өткізу 14. Ақаулардың алдын алу мақсатында өлшеу нәтижелерін талдау және жабдықтың жұмыс параметрлерін бақылау 15. Басқару жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуі мен аппараттық құралдарының жұмысқа жарамдылығын қамтамасыз ету

		Білімдер:
		1. Теңіз электротехникасы, электрондық және электрлік жабдықтар, автоматтандырылған басқару жүйелері және қорғаныс құрылғылары 2. Негізгі қозғалтқыш, генератор, тарату жүйесі және бу қазаны үшін автоматты бақылау жабдықтары мен қорғаныс құрылғыларының жобалық сипаттамалары мен жүйелік конфигурациясы 3. Электр қозғалтқыштарын басқару жабдықтарының жобалық сипаттамалары мен жүйелік конфигурациясы 4. Жоғары вольтты қондырғылардың жобалық сипаттамалары 5. Гидравликалық және пневматикалық басқару жабдықтарының сипаттамалары 6. Классификациялық қоғамдар мен қадағалау органдарының кеме электроқұрылғыларын пайдалану талаптары 7. Басқару жүйелерінде ақауларды іздеу, анықтау және жою ережелері 8. Кеме электр жетекшілерін және оларды басқару жүйелерін пайдалану ережелері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу Өзгерістерді басқару Тәртіптілік Ауызекі сөйлеу дағдылары	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Кемелердегі өрт қауіпсіздігін реттейтін халықаралық конвенциялар мен стандарттар, оның ішінде SOLAS (Теңізде адам өмірін қорғау туралы халықаралық конвенция, II-2 тарау «Өртке қарсы қорғау, өртті анықтау және өртті сөндіру»), FSS кодексі (Кемелердің өрт қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық кодекс) және өзге де мамандандырылған нормативтік құжаттар	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

15. Мемлекеттік органның атауы:
Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
Орындаушы:
Рижук Валерий Николаевич , +7 (705) 833 47 33, v.rizhuk@transport.gov.kz
16. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):
РГКП "Қазақстан су жолдары"
Орындаушылар:
Жексенбаева Айнагуль Сайлаубаевна, +7 (777) 543 26 99, otiz-shluz@vkpvp.kz
17. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: №8 , 08.09.2025 ж.
18. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 12.11.2025 ж.
19. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -
20. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа Версия 2, 2025 ж.
21. Болжамды қайта қарау күні: 31.12.2028 ж.